Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің Қазанбасы ауылының шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің және Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 183/361 бірлескен қаулысы және шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Заңының 12-бабының 3) тармақшасына, сәйкес Әулиекөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің Қазанбасы ауылының шекарасына Әулиекөл ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 429,0 гектар жерді қосу арқылы, Қазанбасы ауылдық округінің Қазанбасы ауылының шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 1477,0 гектар шекарасында қоса берілген жерлердің экспликациясына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әулиекөл ауданының әкімі *Ж. Таукенов*

Әулиекөл аудандық мәслихаттың төрағасы *Д. Қойшыбаев*

Әулиекөл ауданының
әкімдігінің және мәслихатының
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 183/361 бірлескен
қаулысы және шешіміне
қосымша

Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің Қазанбасы ауылының жер экспликациясы

	Жер Бөлу шекарасында ғана беріледі	Егістік	оның ішінде, га									
			Жайылымдар		Үй маңындағы жерлер	Бақшалар	Барлық ауылшаруашылық алқаптары	Ағаш-бұталы екпелер	Су астында	Жолдар астында	Құрылыстар астында	Басқа жерлер
			Барлығы	Оның ішінде түбегейлі жақсартылған								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2003 жылғы жер шаруашылық												

құрылымының деректері бойынша	1048,0	-	898	-	11,0	909,0	-	-	46,0	13,0	57,0	23,0
Мемлекеттік жер қоры жерінен Қазанбасы ауылдық округі Қазанбасы ауылына қосылған жерлері	40,0	-	17,3	-	-	17,3	-	16,9	-	0,5	4,8	0,5
Мемлекеттік жер қоры жерінен Қазанбасы ауылдық округі Қазанбасы ауылына қосылған жерлері	54,0	-	53,5	53,5	-	53,5	-	-	-	-	-	0,5
Мемлекеттік жер қоры жерінен Қазанбасы												

ауылдық округі Қазанбасы ауылына қосылған жерлері	335,0	17,8	312,2	-	-	330,0	-	-	-	1,0	-	4,0
	1477,0	17,8	1281,0	53,5	11,0	1309,8	-	16,9	46,0	14,5	61,8	28,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК